

Ж МАМАНДЫҚ

Журналистің негізгі кәсіби қасиеттерінің бірі деректі ақпараттарға на-
зар аудара білу. Журналист үшін нақты фактілер саф ауа іспетті.
Нақты ақпараттармен сауатты жұмыс жасау, әрі қарай тарату, өрбі-
ту үшін қызықты, бай, орынды материал жасауға мүмкіндік береді. Енбек-
сүйгіштік пен әділдік – журналистің басты бағыты.

ЕНБЕКСҮЙГІШТІК ПЕН ӘДІЛДІК – БАСТЫ БАҒЫТ

Нақты ақпараттар мен тың деректер талдамалық және ақпараттық жанрлардың маңызды құрамдас белігі. Кез келген публицистикалық материалдар фактімен басталады. Сауатты жұмыс барысында журналистке материал үшін алған ақпаратты ойлау, талдау және одан әрі жалпылауды үйрену өте маңызды. Журналистика – шеберлікті қажет ететін шығармашылық мамандық.

Мектеп бітіріп, мамандық таңдау жолында тұрған жас түлектерге Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: «іс-қимыл кезеңі» жолдауындағы үлттың жаңа болмысы жайында керемет сөздерін

үсынар едік. Халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру – бұл бүгінгі күннің міндеті деп қабылдауымыз қеректігіне тоқталған еді.

Жаңаған ұлт қана жаңырған елдің жетістігін жаңаң жүртyna таныта алатынын, әлем үні тұтарлық жақсы қасиеттерінің көбірек болғанын қалайтынына айттып өткен болатын.

«Ұлттымыз жаңа сапага көшүі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек» – деп айқын мақсат көрсетіп берді. Ұлт ұстазы, Ахмет Байтұрсынұлы: «Білімді болуға оку керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек» – дейді.

Мәдүезов атындағы Оң-

түстік Қазақстан университеті Филология факультеті «Мемлекеттік тілді оқыту» кафедрасына қарасты бВоз220 Журналистика білім бағдарламасында білім алғып жатқан білім алушылардың бойында мемлекет басшысы қойған талаптар толық қамтылуда десек қателес-пейміз. Мектеп бітіруші түлектерді М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, бВоз220 – Журналистика білім бағдарламасын таңдап, білім алуга шақырамыз.

Г. УТЕГЕНОВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ Ф.Г.К., доцент,

С.БАЙМЕНОВА,
ага оқытушы